

КҮНДЕЛІКТІ ҚОЗҒАЛЫС ӨЗГЕРІС АЛЫП КЕЛЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – мектеп қабырғасындағы әрбір оқушының арманы болған білім ордасы. Мен де сол мектеп оқушыларының бірі болдым. Уақыт зымырап өте шығады екен. Студенттік шағымның әрбір жылы, әрбір сәті ерекше өтті. Университет студенттерінің өмірі қызықтылығымен әрі алуандығымен ерекшеленеді. Ол тек дәрістер мен семинарларға қатысумен ғана шектелмейді. Олар шалқыған шығармашылық қуат пен жастық жалынды, балғын талантты шындайтын клубтарға, сайыстарға белсене қатыса алады, спорттық кешенге барып спортпен шұғылдана алады. Соның ішінде университетіміздің спорттық-сауықтыру кешеніне ерекше тоқталып өткім келеді.

ҚазҰУ-да спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Мысалы, университетімізде ҚазҰУ қалашығының спорт кешені, студенттердің спорттық клубы, түрлі секциялар, денсаулық топтары бар. Қызметкерлер мен студенттердің спартакиадасы ұдайы өткізіліп, олардың қалалық жарыстарға қатынасуы қамтамасыз етіледі. «Спорттық-сауықтыру кешені» университет қызметкерлері мен студенттерін денсаулығын жақсартумен айналысуына мүмкіндік береді. Спорттық кешеннің жалпы аумағы 7250 шаршы метр. Университетімізде боксер, волейболист, баскетболист, гимнаст және тағы басқа спорт түрлерінің өкілдерінен спорт шеберлері де көп. Бүгінде университет көптеген спорттық құралдармен қамтамасыз етілген, айта кетсек, 3000 орындық трубиналық алаң (жасыл алаңқайлы футбол алаңы; спорттық ядро; жасанды төсенішті жүгіру алаңы); 300 орындық трубиналық футбол-бейсбол алаңы; жасанды төсенішті мини-футболға арналған 3 алаң; 2 спортзал (әрқайсысының аумағы – 680 шаршы м.); 6 ашық теннис корттары; жағажай волейболы алаңы; атлетикалық гимнастика және аэробикамен айналысуға 2 зал; фитнес-зал; жалпы күрес, бокс, күрес залы (күрес кілемі, татами); шахмат залы; арнайы медициналық топтағы студенттер үшін 2 зал; емдік шынықтыруға арналған зал; 2 оқу аудиториясы.

№ 1 жатақханада тұрған кезде, жатақхананың артқы жағынан жүзу бассейнін көріп қызыға қарайтынбыз. Бұл ҚазҰУ-да 2016 жылы ашылған Дмитрий Баландин атындағы жаңа жүзу бассейні болатын. ҚазҰУ-дың жаңа спорт кешені суды жылытатын және тазартатын ең соңғы заманауи технологиялық құралдармен жабдықталған. Сонымен қатар студенттердің жайлылығы және жақсы нәтижелерге қол жеткізулері үшін жаттығу және теннис залы, демалыс орны, киім ілетін орын мен кең әрі қолайлы киім ауыстыратын, жуынатын бөлмелер бар. Жүзу бассейнінде синхронды жүзуден ҚазҰУ құрама командасы мен студенттерге арналған жаттығулар, университетаралық спорттық жарыстар, спортшыларды аймақтық, ұлттық және халықаралық жарыстарға дайындық шаралары өткізілетін болады.

Спорттық аренада дәстүрлі жарыстар ретінде университеттік спорттық клубтар өткізетін Ректор кубогы, Қазақстан Республикасының универсиадасы, факультетаралық спартакиада, Бірінші курстар күні және т.б. жарыстарды айтуға болады. ҚазҰУ-ң оқу - спорттық кешені студенттер үшін сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін ашық. Бұл жатақханадағы студенттердің спортпен айналысуына керемет мүмкіндік. Сонымен қатар спорт комплекстегі қызметкерлер мен ұйымдастырушылар балалар үйінің жастарын арнайы алып келіп сайыстар мен белсенділігін арттыру мақсатында байқаулар ұйымдастырып отырады.

Қорытындылай келе, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі спорт кешені – дені сау жастардың негізін қалаушы ретінде салауатты жастарға қызмет етуде. Студенттердің салауатты өмір кешуі мен елдің атын асқақтатуы мақсатында жасалынып жатқан бұл игіліктер жастардың болашағы үшін деп білеміз.

Курманбек М.У.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2-курс магистранты,
Туманов И.Е.

Жылу және техникалық физика кафедрасы, доцент

ДАМУ ЖАЙЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАЙЫҚ, БАУЫРЫМ

Сағынғанда еске алатын ауылым,
Дәмі қандай есте атам бауының.
Мына күні дамимын деп келіппін,
Шаңыраққа өсемін деп бауырым!

Студенттік шағымызда оқу білім үрдісіндегі мәселелерде әртүрлі сұрақтар туындайды және медициналық, әлеуметтік, тұрмыстық көмекке мұқтаж болып жатамыз. Соған орай, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ университеттік қызмет көрсету орталығы бар. Орталықты құру идеясы, университеттің бұрынғы ректоры Ғалымқайыр Мұтановқа тиесілі.

«КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ кешеннің жалпы аумағы 7300 м², 8 павильоннан және 5 сектор, бөлімнен тұрады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ өзінің құрылымы бойынша «бір терезе» және «бірыңғай кеңсе» қағидасымен көрсететін қызметтерінің көптігі мен, әлемдік кеңістікте толыққанды аналогы жоқ ірі университеттік қызмет көрсету орталығы болып табылады. Ол атақты ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидың «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА» іліміне негізделі отырып, «Al-Farabi university-smart city» атты бірыңғай инновациялық жоба саясында ашылған. «КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ бұл студенттер мен оқытушыларға көмек көрсету орталығы.

Жоғарғы этикалық стандарттар және әлеуметтік жауапкершілік негізінде, заманауи ақпараттық технологиялар көмегімен енгізілген әлеуметтік маңызды кеңістік сапалы әрі жаңа деңгейі.

«КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ талғамға сай және жайлы жабдықтармен сәнделген. «КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ кез келген студент мәселесін шешуге, 500-ден астам оқу білім үрдісінің, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік тұрмыстық және мәдени демалыс қызметтерінің қызметін көрсетуге әрдайым дайын. Ол қызметтер

«бір терезе» қағидасы бойынша ұсынады. Олар тіркеуші кеңесі, студент кеңесі, халықаралық академиялық ұтқырлық секторы, әскери-жұмылдыру бөлімі, паспорт үстелі, бухгалтер есеп бөлімі, электрондық үкімет аймағы көрсетілген қызметтердің 90%-ы электронды форматта көрсетеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетті бітіргеннен кейін студенттер мұнда әкімшілік, әлеуметтік секторы мамандарының жұмысқа орналасу мәселелері бойынша қолдауын таба алады. Онда жұмыс берушілер мен ізденушілер бірыңғай базасы жасалған. Жұмысқа орналасудан басқа, әкімшілік, әлеуметтік және тұрмыстық сектор, банктер, нотариус, адвокат, туристік агенттіктер, әуе және теміржол кассалары өз қызметтерін ұсынады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ең жарқын бағыттарының жастар орталығы болып табылады. Бұл орталықта жастар саясатына да орасан зор көңіл бөлініп, мұнда студенттік ұйымдардың көбінің басы біріккен. Бұл жерде студенттер әлеуметтік қолдау ала алады, академиялық саясат бойынша жауаптар тауып, студенттік іс-шараларды өткізіп, қатыса алады.

Орталық студенттер секторындағы студенттердің қоғамдық ұйымдарын біріктіре отырып, жастар саясатына ерекше назар аударды. Бос уақыттарында студенттер кинотеатр, кафе, кітап дүкені, супермаркет, фотостудия, ателье, сән салоны, киім жуатын орын, кеңсе тауарлар дүкені, имидждік өнім дүкені, «Көмек» қоғамдық дүкені, са-тушысыз «Адалдық дүкені» қызметтерімен қатар өзге де көптеген қызметтерді ала алады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Керемет» Студенттерге қызмет көрсету орталығы «Al-Farabi university-smart city» – табысты болашақтың жобасы, оның жалғасы Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарында ұқсас жүйелерді жетілдіру мен енгізуді ынталандыратын болады!

Даданбеков Е.Е., Белисарова Ф.Б.

БІР ПАЙЫЗ ТАЛАНТ пен ТОҚСАН ТОҒЫЗ ПАЙЫЗ ЕҢБЕК

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» демекші, бүгінгі әңгімеміз арманға байланысты болмақ.

Әр адамның өмірде өз жолы бар. Дұрыс не бұрысын таңдау өзінің еншісінде. Бірақ көпке барам дейтін адам дұрыс жолда еңбек етіп, алға қарай жүреді. Жалпы, адамды самғататын ол – еңбек. Бізге кейде бірнәрсені жасау керек болса қиналамыз, барғымыз келмейді, ұйықтап, демалғымыз келеді. Бірақ бұл еріншектікті қою керек. Себебі жөшеде кетіп бара жатсаң түрлі адамдарды көресің. Бірінің қолы, бірінің аяғы жоқ. Енді бірі естімейді не болмаса сөйлей алмайды. Сондада бәрі еңбек етуде. Аяқкиімің бұзылса етікшіге барасың. Ал етікшілердің көбі сөйлей алмайтындар. Бірақ бәрі өмірден өз жолдарын іздейді, алдынан бақытты күтеді. Ал біздің, Аллаға шүкір, он екі мүшеміз аман, деніміз сау. Бізде жасаймын десең мүмкіндік мол. Тек алға қарай ұмтылып, еңбек ете беру керек. Сонда ғана жемісін көресің. Бір нәрсе жасап «Мен еңбек еттім, түк шықпады» деу бекершілік. Одан әрі жалғай беру керек. Сонда ғана еңбектің жемісі байқалады. Ол бір емес, бірнешедең шығуы мүмкін. Тек берілмеу керек.

Кейде теледидардан не болмаса бір кісілерден естіп жатамыз: адамға 1 пайыз дарын берілсе, қалған тоқсан тоғызы еңбекпен келеді. Яғни сен қызығатын жұлдыздар, сен қызығатын жоғарыда отырған кісілер, әкім, ұстаздар бәрі-бәрі осы бір еңбектің арқасында сондай дәрежеге жеткен кісілер. «Мен жетпедім, өспедім» деп үйде отырғанда, өзге адам жету керек деп жоғарыға ұмтылады. Ұмтылған, талпынған адам түптің-түбі өз арманына жетеді. Бәріне жетпесе де белгілі бір бөлігіне жетеді. Үлкен бір кітапты ба-стар алдында «мен бұны оқып бітіре алам ба, көп екен, қызығы қай жерінде екен» деп соңын оқыған адам кітапты мазмұнын түсінбейді, негізгі ұғымын, пайдасын сезінбейді. Ал қандай томдық кітап болмасын, қызығып бірден кірісіп, басынан соңына дейін қызығушылықпен оқыған адам, жаңағы айтқан адаммен бірдей бітіруі мүмкін.

Бұның бәрін неліктен жазып отырмыз, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары мына таңда бұрынғыдан әлдеқайда көп. Сол себепті оларға біліммен қатар, өнегелі тәрбиені, бойларындағы патриоттық сезімді одан әрі дамыту біздің бір міндетіміз деп білеміз.

Сулиева Г.Б., Белисарова Ф.Б.